

᠑ᠶᠠᠮᠠᠨᠢ

البيبي

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪɓi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілепов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3


Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

«Жаңалыққа» жетекші» – Т.Шонанұлының 1929 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазағыстан» баспасынан жарық көрген нұсқаулығы. «Жаңалық» атты әліппе кітабы атына заты сай қазақ мектебі үшін, оқытушылар үшін жаңа, тың дүние болғандықтан, нұсқаулық («Жаңалыққа» жетекші») мұғалімдерге көмекші құрал ретінде жазылған. 36 беттен тұратын кітапшаны қазақ жаңа әліпби кіндік комитеті бастырып шығарған. Кітапта «Жаңалықта» берілген оқу материалын балаларға оқытуда мұғалімдердің білуі тиіс, ескеруі қажет дүниелер берілген, оқытушылардың міндеті көрсетілген. Балалардың қолын жазуға қалай жаттықтыру керектігі, онда қолданылатын әдіс-тәсіл көрсетілген. Емлеге үйрету жолдары беріліп, буын ойыны, лото ойыны, кеспе әліппені қолдану жолдары сипатталған. Сабақтың реті көрсетіліп, сабақ жоспарлары, үлгі сабақтар берілген. Сабақта ауа күнтізбесін қолдану жолдары көрсетіліп, пәнаралық байланысқа да ерекше мән берілген. Сонымен қатар берілген тақырыптың күнделікті өмірмен байланысты болуы да ескеріліп отырған. Дыбыс, сандармен ғана таныстырып қоймай, балалардың тілін дамыту, тілін ұстарту жағына да баса назар аударылған. Санамақ, бесік жыры т.с.с. сияқты тәлімдік мәтіндер беріліп, сол арқылы ана тілін үйрету, тіл заңдылықтарын үйрету жағы ерекше ескерілген. Кітапта сол кездегі емледегі өзгерістер айқын көрініс тапқан. Жуан-жіңішке дыбыстардың біркелкі таңбаланып, дәйекші арқылы ажыратылуы, бас әріптің болмауы, у, и дыбыстарының таңбалануындағы ерекшеліктер т.с.с. қазіргі кезде емле, орфография мәселелерімен айналысушы зерттеушілер үшін, XX ғасырдың басындағы терминдердің игерілуі, жалпы сол кезеңдегі тіл біліміндегі дау-таластарды, жазу алмастыруға байланысты туындаған қиыншылықтармен танысқысы келген ғалымдар үшін, жалпы көпшілік үшін бірден-бір дереккөз бола алады.

Жаңғыртқы (резонатор) жүйесі – ауыз қуысы (ртовый резонатор) мен көмей қуысының (глочный резонатор) қосындысы. Төменде «а» және «ә» дауыстыларының жаңғыртқылар ретінің өрнегі беріліп отыр.



Жапон буындық әліпшелері, хирагана, катакана – буынға құрылған әліппелер. Кандзи, ромадзи және араб цифрларымен бірге жалпы жапон жазуын құрайды. Кана әліппесі катакана және хираганадан тұрады. Бұл екеуі әртүрлі сызықтармен өзара ерекшеленеді. Хирагана доғал сызықтармен, катакана бұрыштық сызықтармен жазылады. Хирагана бойынша жазылған мәтіндерді катакана жазуға болады. Хирагана жүйесінде 46 негізгі белгі және 104 тіркес бар.